

5. World Bank Estimates Tripling Trade Volumes on Middle Corridor by 2030 - The Astana Times
6. Рекордный рост грузоперевозок через Хоргос в 2025 году
7. Kazakhstan Becoming a Major Eurasian Logistics Hub, Forecasts Show
8. Ел аумағы бойынша 11 халықаралық көлік дәліздері өтеді
9. В Казахстане функционирует 5 международных ж/д и 8 автотранспортных коридоров - МТ - Официальный информационный ресурс Премьер-министра Республики Казахстан
10. В Казахстане развиваются международные транспортные коридоры: транзитный объем достиг 34,6 млн тонн
11. Научная статья: РАЗВИТИЕ МЕЖДУНАРОДНЫХ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫХ КОРИДОРОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

АҚШ-ТАҒЫ АФРОАМЕРИКАНДЫҚТАРДЫҢ АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАРЫ ҮШІН КҮРЕСІ. МАРТИН ЛЮТЕР КИНГ РӨЛІ

Қызылбай А.Д.

Ғылыми жетекші: аға оқуышы, тарих магистрі Аймахов Е.Н.
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Қарағанды, Қазақстан
kyzylbaiaibota@gmail.com

Америка Құрама Штаттарының тарихында азаматтық құқықтар қозғалысы ХХ ғасырдың ең маңызды әлеуметтік-саяси құбылыстарының бірі болды. Бұл қозғалыс афроамерикандықтардың ұзақ жылдар бойы жалғасқан институционалдық расизм мен кемсітушілікке қарсы күресінің шарықтау шегі еді. 1950-1960 жылдары болған азаматтық құқықтар қозғалысы тек АҚШ ішіндегі өзгерістерге ғана емес, сонымен қатар әлемдік деңгейде адам құқықтары мен әлеуметтік әділеттілік мәселелеріне назар аударуға себеп болды. Осы қозғалыстың көшбасшысы Мартин Лютер Кинг кіші американдық қоғамды түбегейлі өзгертуге үлес қосты. Оның бейбіт қарсылық философиясы мен моральдық көшбасшылығы миллиондаған адамды әлеуметтік теңдік үшін күреске шақырды. Бұл мақалада афроамерикандықтардың азаматтық құқықтары үшін күресінің тарихи даму жолы және Мартин Лютер Кингтің осы процестегі шешуші рөлі қарастырылады.

Мартин Лютер Кинг - 1954-1968 жж АҚШ-та қара нәсілді азаматтық құқықтар қозғалысының мақтан тұтар өкілі және жетекшісі болған американдық баптист-уағызшы, қоғамның белсенді қайраткері. Оның туылғандағы аты Майкл болды. Ол Гарвард университетін бітіріп, теология ғылымдарының докторы дәрежесіне ие болды. Қайраткердің басты күрес әдісі зорлық-зомбылықсыз наразылықтар мен азаматтық бағынбау болды. Ол Махатма Ганди жасаған зорлық-зомбылықсыз қарсылық принциптерін ұстанды.

Азаматтық соғыстан (1861-1865 жж.) кейін АҚШ Конституциясына енгізілген 13, 14 және 15-түзетулер құлдықты заңды түрде жойып, барлық азаматтарға тең құқықтар беруге тиіс болды. Алайда оңтүстік штаттарда бұл конституциялық кепілдіктер тез арада бұзыла бастады. 1870 жылдардан бастап оңтүстік штаттар "Джим Кроу" деп аталатын заңдар жүйесін енгізе бастады, бұл заңдар расалық сегрегацияны мемлекеттік деңгейде заңдастырды. 1896 жылы Жоғарғы Сот "Плесси Фергюсонға қарсы" ісі бойынша "бөлек, бірақ тең" (separate but equal) доктринасын бекітті, бұл шешім келесі жарты ғасырға расалық сегрегацияға конституциялық негіз берді. Бұл шешім бойынша қоғамдық орындарда, көлікте, мектептерде расалық бөлу заңды деп танылды. Іс жүзінде оңтүстік штаттардағы афроамерикандықтар үшін "бөлек" дегеніміз "тең емес" болды - қара нәсілділерге арналған мектептер, ауруханалар және басқа мекемелер әлдеқайда нашар жағдайда болды. Расалық кемсітушілік экономикалық, саяси және әлеуметтік салаларды қамтыды. Афроамерикандықтар дауыс беру құқығынан айырылды - оңтүстік штаттар сауаттылық тесттері, сайлау салығы және "ата-баба қағидалары" арқылы қара нәсілділердің сайлауға қатысуын іс жүзінде мүмкін емес етіп жасады. Экономикалық тұрғыдан алғанда, көпшілік афроамерикандықтар ауыл шаруашылығында жартылай құлдық жағдайда жұмыс істеді немесе қалаларда ең төменгі ақы төленетін және қауіпті жұмыстарды орындады [1, 12-34б].

Расалық зорлық-зомбылық жиі кездесті - линчтеу оңтүстікте қара нәсілділерді қорқыту үшін қолданылатын әдіске айналды. Екінші дүниежүзілік соғыстан (1939-1945 жж.) кейін афроамерикандықтардың азаматтық құқықтар үшін күресі жаңа кезеңге енді. Жүздеген мың қара нәсілді америкалықтар фашизмге қарсы соғысып, елге оралғанда дискриминацияға тап болды. Бұл

карама-қайшылық афроамерикандық қауымдастықта наразылықты күшейтті [2, 112-1346]. 1954 жылы Жоғарғы Сот "Браун Білім беру кеңесіне қарсы" ісі бойынша тарихи шешім шығарды. Сот бірауыздан қоғамдық мектептердегі расалық сегрегация конституцияның 14-түзетуін бұзады деп шешті, бұл "бөлек, бірақ тең" доктринасын жойды [3, 89-1126]. Алайда оңтүстік штаттар осы шешімді орындауға қарсы тұрды, мектептерді десегрегациялау процесі ұзақ және қиын болды.

1955 жылы Монтгомери қаласында (Алабама) болған автобус бойкоты азаматтық құқықтар қозғалысының нақты басталуы болды. Желтоқсан айының 1-де Роза Паркс автобуста ақ нәсілді жолаушыға орнын беруден бас тартып, тұтқындалды. Бұл оқиға Монтгомери қаласының афроамерикалық қауымдастығында ұйымдасқан наразылықты тудырды [6, 116-1256]. Жергілікті қара нәсілді қауымдастық автобустарға бойкот жариялады, ол 381 күн жалғасты. Осы бойкоттың көшбасшысы болып жас баптист пасторы Мартин Лютер Кинг сайланды.

Мартин Лютер Кинг 1929 жылы 15 қаңтарда Атланта қаласында орта табыс тапқан дінбасы отбасында дүниеге келді. Ол Морхауз колледжін бітіріп (1948 ж.), Крозер теология семинариясында (1951 ж.) және Бостон университетінде (1955 ж.) философия докторы дәрежесін алды. Білім алу кезінде Кинг христиандық теология, Махатма Ганди бейбіт қарсылық философиясы және Генри Торо азаматтық бағынбау идеяларын зерттеді. Осы үш дәстүр Кингтің әлеуметтік әділеттілік туралы философиясының негізін қалады. Монтгомери бойкотының жетістігі Кингті ұлттық деңгейде танымал етті. Оның керемет сөйлеу қабілеті, моральдық билігі және бейбіт қарсылық принциптеріне берілгендігі оны табиғи көшбасшыға айналдырды. 1957 жылы Кинг пен басқа афроамерикалық шіркеу көшбасшылары Оңтүстік христиан көшбасшылар конференциясын (SCLC) құрды, бұл ұйым келесі онжылдықта азаматтық құқықтар қозғалысының негізгі күшіне айналды. Кингтің бейбіт қарсылық философиясының негізгі принциптері христиандық сүйіспеншілік идеясы ("агапе"), Ганди сатьяграхасы және әділетсіз заңдарға азаматтық бағынбау болды. Кинг үшін бейбіт қарсылық тек тактика емес, моральдық принцип еді. Ол өзінің "Бейбіт қарсылықтың алты принципі" атты еңбегінде бейбіт қарсылық әлсіздердің жолы емес, моральдық күш пен батылдықты талап ететін стратегия екенін түсіндірді [5, 102-1076].

1960 жылдардың басында азаматтық құқықтар қозғалысы бүкіл оңтүстік штаттарға тарады. Студенттер бастаған "отыру акциялары" (sit-ins) ақ нәсілділерге ғана қызмет көрсететін мейрамханалар мен кафелерде басталды. 1961 жылы "Бостандық жолаушылары" (Freedom Riders) оңтүстік штаттарда автобустардағы сегрегацияға қарсы науқан жүргізді. Бұл белсенділер жиі зорлық-зомбылыққа ұшырады, бірақ бейбіт наразылық тактикасын сақтады. 1963 жыл азаматтық құқықтар қозғалысы үшін шешуші болды. Сәуір айында Кинг пен **Оңтүстік христиандардың көшбасшылық конференциясы** Бирмингем қаласында (Алабама) науқан бастады. Бирмингемді "Америкадағы ең сегрегацияланған қала" деп атады. Полиция комиссары Булл Коннор бейбіт демонстранттарға иттер мен су шашқыштарын қолданды, бұл көріністер телевизор арқылы бүкіл елге тарады және америкалық қоғамдық пікірді жандандырды. Бирмингем түрмесінде отырған кезде Кинг өзінің әйгілі "Бирмингем түрмесінен хатын" жазды, онда ол әділетсіз заңдарға бағынудан бас тартуды моральдық міндет деп негіздеді [6, 321-3456].

1963 жылдың 28 тамызында Вашингтонда (Колумбия округі) жұмыс орындары мен еркіндік үшін тарихи марш өтті. Линкольн мемориалы алдына 250 мың адам жиналды, бұл американдық тарихтағы ең ірі азаматтық құқықтар демонстрациясы болды. Осы маршта Кинг өзінің ең әйгілі "Менің арманым бар" (I Have a Dream) ел алдында сөзін сөйледі, онда ол расалық теңдік пен ұлттық бірлік армандары туралы айтты. Халық алдында ағылшынша былай деп бастаған еді: «I am happy to join with you today in what will go down in history as the greatest demonstration for freedom in the history of our nation... This is our hope. This is the faith that I go back to the South with. With this faith, we will be able to hew out of the mountain of despair a stone of hope.». Кинг былай деді: "Менің арманым бар, бір күні бұл адамдар өзінің шынайы мәніне сай өмір сүреді: 'Біз бұл шындықтарды өздігінен анық деп санаймыз: барлық адамдар тең жаратылған'". Азаматтық құқықтар қозғалысының күресі маңызды заңнамалық жетістіктерге әкелді. 1964 жылы 2 шілдеде президент Линдон Б. Джонсон «Азаматтық құқықтар туралы» заңға қол қойды. Бұл заң қоғамдық орындарда сегрегацияны тыйым салды, жұмыс берушілердің расалық кемсітушілігін жоққа шығарды және білім беру мекемелерінде сегрегациялауды тоқтатуды талап етті. Осы жылы Кинг өзінің бейбіт қарсылық әдістері мен азаматтық құқықтар үшін күресіндегі рөлі үшін Нобель бейбітшілік сыйлығын алды, ол сыйлыққа ие болған ең жас адам еді (35 жаста) [7, 78-1026].

1965 жылдың басында Кинг пен **Оңтүстік христиандардың көшбасшылық конференциясы** Селма қаласында (Алабама) дауыс беру құқығына тіркелу науқанын бастады. 1965 жылы 7 наурызда Селмадан Монтгомериге бейбіт марш басталды, бірақ Эдмунд Петтус көпірінде полиция демонстранттарға жауапкершілікпен шабуыл жасады. Бұл оқиға "Қанды жексенбі" деп аталды және

телевизор арқылы америкалықтарды әсерлендіріп, ұлттық наразылықты тудырды. Селмадағы оқиғалардың әсерінен президент Джонсон 1965 жылы 6 тамызда «Дауыс беру құқықтары туралы» заңға қол қойды, бұл заң дауыс беру құқығын шектейтін барлық кедергілерді жойды және федералдық бақылаушыларды тіркеуге жіберді. 1965 жылдан кейін Кинг өз назарын тек расалық теңсіздікке емес, экономикалық әділеттілікке және милитаризмге қарсы күреске де аударды. Ол Чикаго қаласында тұрғын үй кемсітушілігіне қарсы науқан жүргізді және Вьетнам соғысына ашық қарсы шықты. 1967 жылы 4 сәуірде Нью-Йорктегі Риверсайд шіркеуінде "Үндемеу уақыты өтті" деген сөз сөйлеуінде Кинг милитаризм, расизм және кедейлік арасындағы байланысты көрсетті [5, 100-1046].

Мартин Лютер Кинг 1968 жылдың 4 сәуірінде ауыр жараланып, сол күні қаза тапты. Ол Мемфисте кезекті ірі наразылық акциясын басқару үшін болған. Кинг қонақұйдің балконында тұрған сәтте мерген оған оқ атты. Жарақаттың салдарынан ол Сент-Джозеф ауруханасында көз жұмды, ал жерлеу рәсімі Атлантада өтті. Бұл қастандық бүкіл ел бойынша үлкен ашу-ыза туғызып, жүзден астам қалада афроамерикалық тұрғындардың жаппай толқуларына әкелді. Ел астанасында бірқатар аудандар өртеніп, Капитолий маңында және Ақ үйдің айналасында пулемётпен қаруланған әскерилер орналастырылды. Ел көлемінде 46 адам қаза тауып, 2,5 мыңға жуық адам жараланды, ал тәртіпсіздіктерді басуға 70 мың сарбаз жұмылдырылды. Көптеген белсенділер үшін Кингтің өлімі жүйенің өзгермейтінін көрсетіп, бейбіт қарсылықтың шегіне жеткеніне сендірді. Кингтің өмірі мен қызметі заң шығаруға да әсер етті. 1968 жылғы 11 сәуірде қабылданған Азаматтық құқықтар туралы заң (Civil Rights Act 1968) немесе «Fair Housing Act» тұрғын үй сатып алу, жалға беру және қаржыландыру кезінде нәсілге, дінге немесе ұлттық шыққан тегі бойынша кемсітуге жол бермейді. Бұл заң афроамерикандықтар мен басқа азшылық топтарға тұрғын үй саласында тең мүмкіндіктер жасауға мүмкіндік берді.

«Жасыл кітап» фильмі 1960-жылдардағы АҚШ-тың нәсілдік сегрегация кезеңінде афроамерикалық пианист Дон Ширли мен оның ақ нәсілді жүргізушісі Тонидің сапары туралы. Фильмдегі расизм, кемсіту және оларды адамгершілікпен жеңу тақырыбы Мартин Лютер Кингтің идеяларымен үндеседі. Ширлидің зорлықсыз, қадір-қасиетін сақтай отырып қарсылық көрсетуі, теңдікке ұмтылысы және адамдар арасындағы бауырластықты орнатуы Кингтің зорлық-зомбылықсыз күрес, теңдік және ортақ адамзаттық бірлік туралы көзқарастарын еске салады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Morris, A.D. The Origins of the Civil Rights Movement: Black Communities Organizing for Change. New York: Free Press, 1984
2. Sitkoff, H. "African American Militancy in the World War II South" // Journal of American History, 1991, Vol. 58, No. 3
3. Parks, R. Rosa Parks: My Story. New York: Dial Books, 1992
4. Garrow, D.J. Bearing the Cross: Martin Luther King Jr. and the Southern Christian Leadership Conference. New York: William Morrow, 1986
5. King, M.L. "Beyond Vietnam" // A Testament of Hope: The Essential Writings and Speeches of Martin Luther King Jr. San Francisco: HarperCollins, 1986
6. McWhorter, D. Carry Me Home: Birmingham, Alabama. New York: Simon & Schuster, 2001
7. Hansen, D.D. The Dream: Martin Luther King, Jr., and the Speech That Inspired a Nation. New York: Ecco, 2003

21 ҒАСЫРДАҒЫ ҚҰРЛЫҚ ПЕН ТЕНІЗДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ: ҚЫТАЙДЫҢ ГЕОСАЯСИ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Өмірзақ А.А.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы, тарих магистры Аймахов Е.Н.
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
aibekprofi15@gmail.com
Қарағанды қ.

Қазіргі әлемде Қытай негізгі экономикалық көрсеткіштері бойынша көптеген елдерден едәуір озып, АҚШ-тан кейінгі екінші орында тұрған жетекші державалардың бірі болып табылады. Қытай Халық Республикасы (ҚХР) аймақтық және жаһандық саясатта шешуші рөл атқарады, негізінен ұлттық қару-жарақ өндірісіне негізделген қуатты тұрақты армияға ие және өзінің мәдениетін, тілін, білімін,